

**"Қазақстан Халық
Банкінің өмірді
сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы**



**Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка
Казахстана по
страхованию жизни
"Халык-Life"**

**"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2023 жылғы 28 шілдедегі
отырыстың №34 хаттамасы)**

Мақұлданды

**"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылғы 11 тамыздағы
отырыстың № 28 хаттамасы)**

Бекітілді

Қарыз алушыларды ерікті сақтандыру

ЕРЕЖЕСІ

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1-тарау. Терминдер мен қысқарған сөздер	3
2-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	5
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ	6
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні.....	6
4-тарау. Сақтандыру жағдайлары.....	6
5-тарау. Сақтандырылушыны ауыстыру.....	6
6-тарау. Пайда алушы	6
7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	7
8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі	8
9-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны.....	8
10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі	8
11-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері.....	8
12-тарау. Сақтандыру оқиғасы кезінде пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі	8
13-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін	10
жүзеге асырудан босатудың негіздері.....	10
14-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары	11
15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.....	11
жағдайлары мен тәртібі	11
3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	11
16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін өзгерту	11
17-тарау Қосымша шарттар	12

Осы сақтандыру ережесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленген және қарыз алушыларды сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Терминдер мен қысқарған сөздер

1. Осы сақтандыру ережесінде келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады

пайда алушы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

сақтандыру шарты – сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға сақтандыру шарты бойынша белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндеттенетін келісім;

қарыз шарты – сақтандырушының серіктесі сақтандырылғанмен жасасқан қарыз шарты;

сақтандырылған – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға;

жазатайым оқиға – сақтанушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе жылулық әсер ету нәтижесінде адамның денсаулығына жарақат немесе зиян келтірілген, өлімге алып келген, оның еркінен тыс, кенеттен болған қысқа мерзімді оқиға (жағдай). Жазатайым оқиғаларға аурулардың кез келген нысандары мен түрлері, соның ішінде кәсіптік аурулар жатпайды;

жаңартылған полис - сақтандыру полисіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу кезінде бұрын шығарылған полистің орнына сақтанушыға сақтандырушы беретін полис;

сақтандырушының серіктесі - сақтандырылған қарыз шартын жасасқан Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері, қарыз беретін басқа да заңды тұлғалар;

полис – полисте және сақтандыру ережелерінде көрсетілген шарттарда сақтандыру шартының жасалғанын растайтын сақтандырушы сақтанушыға беретін құжат;

сақтандыру ережелері – қарыз алушыларды ерікті сақтандырудың осы ережелері;

сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға;

сақтандырушы – «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы

сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

сақтандыру сомасы –сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті мөлшерін білдіретін және сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы;

сақтандыру жағдайы –оқиға басталған кезде сақтандыру шартының талаптарымен белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген оқиға;

шарт нысаны – сақтандыру шартын жасау нысанында сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған сақтандыру шарты.

2-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

2. Сақтандыру шарты сақтанушының ережелерге қосылуы және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін жасауы не шарттың нысанын жасау жолымен жазбаша нысанда жасалады.
3. Сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылу нысанында сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын кейіннен төлей отырып, сақтандыру шартын жасасу туралы өтінішке қол қою/растау арқылы расталады. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасуға келісімі полисті берумен расталады. Сақтанушы мен сақтандырушының шарт нысанындағы сақтандыру шартын жасасуға келісімі сақтандыру шартына қол қою арқылы расталады.
4. Сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға (сақтандырылушы) сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру ережелерімен танысуға және сақтандырушыға сақтандырушымен белгіленген нысан бойынша сақтандыруға өтініш беруге міндетті.
5. Сақтандыру шартын жасасуға тілек білдірген тұлға (сақтандырылушы) сақтандыру шартын жасасу кезінде өтініште сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін маңызды болып табылатын, өзіне белгілі сақтандыру мәліметтерін ұсынуға міндетті.
6. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына және сақтандыру туралы өтініште көрсетілген сақтандыру ережелерінде көрсетілген ықтимал залалдардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін маңызды ақпарат танылады.
7. Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушының сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтанушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша алынған төлемнің 10 % мөлшерінде, сақтандыру шартын бұзуға байланысты сақтандырушының шығындарын шегеріп сақтандыру сыйлықақысын қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жүргізілген болса, сақтандырушы төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
8. Сақтандыруға қабылданбайды:
 - 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер;
 - 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;
 - 3) түзеу еңбек мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдар.

Сақтандырушы шарт немесе полис түрінде тиісті белгі жасаса, бұл адамдар сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

9. Сақтандыру ережелерінің 8-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстары сақтандырушының тиісті белгісі болмаған жағдайда қолданысқа жіберілмейді. Бұл ретте Сақтандыру шарты біржақты тәртіппен бұзылуға жатады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы алынған сақтандырудың 10% мөлшерінде сақтандыру шартын бұзуға байланысты сақтандырушының шығындарын шегеріп, сақтанушыға қайтарылуға жатады.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні

10. Сақтанушы сақтандыру ережелерінде көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.
11. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру ережелерінде көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
12. Сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушының өміріне зиян келтіруге байланысты мүлдітік мүдделер болып табылады.

4-тарау. Сақтандыру жағдайлары

13. Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайлары мынадай жағдайлар болуы мүмкін:
 - 1) сақтандыру қорғаныстарының қолданылу кезеңінде болған кез келген себеппен сақтандырылушының қайтыс болуы;
 - 2) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде орын алған жазатайым оқиғадан басқа себептерге байланысты сақтандырылушының қайтыс болуы;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және ол басталған күннен бастап алты ай ішінде сақтанушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға;
 - 4) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде орын алған және ол басталған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде сақтанушы үшін 1-топтағы мүгедектігін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға;
 - 5) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімінде орын алған және ол туындаған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде сақтанушыға 2-топтағы мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан жазатайым оқиға.
14. Сақтандыру жағдайларын сақтандырушы сақтандыру өтініші негізінде шарт немесе полис нысанында көрсетеді.

5-тарау. Сақтандырылушыны ауыстыру

15. Сақтандыру ережелерінің талаптары бойынша сақтандырылушыны ауыстыру жүзеге асырылмайды.

6-тарау. Пайда алушы

16. Пайда алушы сақтанушымен жасалған шарттан туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін не сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қойғаннан кейін пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға болмайды.
17. Пайда алушы өз құқығынан бас тартқан жағдайда оның құқықтары сақтанушыға, ал сақтанушы сақтандырылған болса, сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

18. Сақтанушының құқығы бар:

- 1) сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;
- 2) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, олардың сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 3) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

19. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 2) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға;

20. Сақтандырушының құқығы бар:

- 1) сақтандыру ережелерінде көзделген талаптарда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) сақтандыру жағдайының мән-жайлары мен себептерін тексеруге;
- 3) сақтанушыдан тәуекел дәрежесін анықтау және мөлшерлемені белгілеу үшін маңызды кез келген ақпаратты сұратуға;
- 4) сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

21. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін оны тіркеуге;
- 4) егер пайда алушы сақтандыру шартында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттардың толық емес топтамасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пайда алушыны жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.

8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі

22. Егер шартта немесе полисте өзгеше жағдайлар көзделмесе, сақтандыру шарты сақтандырушының банк шотына сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде түскен күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және сақтандыру шартында немесе полисте белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

9-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны

23. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де жарамды.

10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі

24. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.
25. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы сақтандыру шарты жасалған күннен бастап алты жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.
26. Сақтанушы сақтандыру жарнасын сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда сақтандырушы сақтандыру шартын біржақты тәртіппен сот тәртібінен тыс бұзуға құқылы, бұл ретте сақтандыру шартын бұзу мерзімін сақтандырушы шартты бұзу туралы хабарламада белгілейді.

11-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері

27. Сақтандыру сомасының мөлшерін сақтанушы берген сақтандыру өтініші негізінде сақтандырушы айқындайды және ол шарт немесе полис түрінде көрсетіледі.
28. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін шартта немесе полисте көзделген мөлшерде пайда алушының банк шотына аудару арқылы жүзеге асырады.

12-тарау. Сақтандыру оқиғасы кезінде пайда алушының әрекеттері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

29. Пайда алушы сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап күнтізбелік 12 (он екі) айдан кешіктірмей оның басталғаны туралы сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге міндетті.
30. Хабарламаның немесе уақтылы хабарламаудың дәлелді себебі пайда алушыға байланысты емес мән-жайлар болып табылады, атап айтқанда: форс-мажорлық мән-жайлар, яғни берілген шарттар бойынша төтенше және болдырмауға болмайтын жағдайлар (форс-мажор), оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер және т.б.
31. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу кезеңінде болған жағдайлар салдарынан сақтанушы қайтыс болған кезде сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) сақтанушының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі;
 - 3) сақтандырылған адамның қайтыс болуы туралы медициналық куәліктің көшірмесі немесе медициналық қайтыс болу туралы түбіртегінің көшірмесі;
 - 4) сақтанушының ауырған аурулары туралы мәліметтері бар амбулаториялық науқастың медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқасы;
 - 5) егер сақтанушының қайтыс болуы стационарда болған болса, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 6) сақтанушының мәйітіне патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптаманың қорытындысы (егер тексеру немесе зерттеу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделсе) - сақтандырушының қызметкерлері үшін қарау және оның көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы;
 - 7) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 8) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқық беретін мұраға құқық туралы куәлік (жеке тұлғалар үшін) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 9) пайда алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банк шотының деректемелері.
32. Егер сақтандыру жағдайы сақтандырылған адамның мүгедектігінің белгіленуі болып табылған жағдайда:
- 1) сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемін алуға өтініш;
 - 2) уәкілетті мемлекеттік орган берген мүгедектік туралы анықтама – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 3) МӘС қорытындысы туралы денсаулық сақтау ұйымының хабарламасының көшірмесі;
 - 4) амбулаториялық (стационарлық) науқастың мүгедектікті белгілеу себебі және сақтанушының ауырған аурулары туралы мәліметтері бар медициналық картасынан үзінді – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқа;
 - 5) Пайда алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотының деректемелері;
 - 6) пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) – сақтандырушының қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасауы үшін

түпнұсқа.

33. Сақтандырушы, сондай-ақ мынадай құжаттарды талап етуге құқылы:

- 1) қарыз шартының көшірмесі;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кездегі қарыз шарты бойынша негізгі борыштың қалдығының сомасы туралы анықтама (хат) – сақтандырушы қызметкерлерімен танысу және көшірмесін жасау үшін түпнұсқа;
- 3) егер құқық қорғау органдары сақтанушының қайтыс болуы фактісі бойынша қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараған болса, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы не құқық қорғау органдарының қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарылған болса, осы органдардың немесе соттың қылмыстық ісі немесе соттың үкімі (қаулысы) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқа;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары, оның себептері (өрт сөндіру қызметтері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі құқық қорғау органдары) – сақтандырушы қызметкерлерінің қарауы және көшірмесін жасау үшін түпнұсқасы. ;

34. Пайда алушы немесе оның өкілі сақтандыру ережелерінің осы тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы шешім қабылдауға құқылы.

35. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға немесе оны төлеуден бас тарту туралы дәлелді шешім беруге міндетті.

13-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

36. Бұл сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаныстарының қолданылу мерзімі ішінде мыналардың нәтижесінде сақтандыру жағдайы орын алса:

- 1) ЖҚТБ, АИТВ-инфекциясы, психикалық ауру, егер бұл аурулар сақтандыру жағдайының басталуына әсер еткен болса;
- 2) қажетті қорғаныс және төтенше жағдай жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 3) егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының алғашқы екі жылы ішінде орын алса, өзін-өзі өлтіруі (сақтандырылған адамның өзіне қол жұмсау әрекеті);
- 4) сақтандырылған адамның этанолмен, алкогольмен, есірткімен, психотроптық заттармен және олардың аналогтарымен улануы.
- 5) заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар жариялаған соғыс қимылдары, азаматтық соғыс, жаппай тәртіпсіздіктер, төтенше немесе ерекше жағдайлар, олардың зардаптары, халық толқулары, ереуілдер;

- 6) егер сақтанушы/сақтандырылған адам террористік қызметке қатысушы немесе терроризм актісіне қатысушы болса, террористік актілер;
 - 7) ядролық жарылыс, радиациялық немесе радиоактивті немесе химиялық ластану;
 - 8) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, көшкін, қар көшкіні, жанартау атқылауы, цунами.
37. Сақтандырушы сондай-ақ мынадай жағдайлардың бірінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады:
- 1) сақтанушының/сақтандырылушының сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы, сондай-ақ Сақтандыру Ережелеріне сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс көрінеу жалған мәліметтер ұсынғанда;
 - 2) сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасауы;
 - 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыда онкологиялық аурудың болуы (жазатайым оқиғаның салдарынан болған сақтандыру жағдайын қоспағанда).

14-тарау. Сақтандыру шартын бұзу шарттары

38. Сақтандыру шартын бұзу, сондай-ақ сақтандыру шарты тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және шарттарда жүзеге асырылады.

15-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі

39. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу сақтанушының сақтандырушыға берген сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады.
40. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар сақтандырушының мұндай өзгертуге және (немесе) толықтыруға келісімімен жазбаша нысанда енгізіледі және шарттың нысанына қосымша келісім жасалған күннен бастап немесе сақтандырушы жаңартылған полисті шығарған күні күшіне енген болып есептеледі.
41. Жаңартылған полис бұрын шығарылған полисті ауыстыру үшін шығарылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және оны ресімдегеннен кейін бұрын берілген полис (ал ол жоғалған жағдайда телнұсқасы) жарамсыз болады.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16-тарау. Сақтандырушының орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін өзгерту

42. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда сақтанушы он күн ішінде сақтандырушыға мекенжайы туралы хабарлауға міндетті. Әйтпесе, бұрынғы орналасқан

жері немесе тұрғылықты жері мекенжайына жіберілген хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

43. Егер сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сақтанушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

17-тарау Қосымша шарттар

44. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, үзінді көшірмелер, хабарламалар, түсініктемелер сақтандырушының интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы, сақтандыру өтінішінде көрсетілген электрондық поштаға, СМС-хабарлама арқылы және оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен жіберіледі.
45. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.
46. Тараптардың сақтандыру ережелерімен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
47. Сақтандыру шартын жасасқан тараптар арасындағы барлық даулар сотқа дейінгі тәртіпте жазбаша нысанда шешілуге тиіс. Егер мұндай дауларды сотқа дейінгі тәртіпте шешу мүмкін болмаса, олар жауапкердің орналасқан жері бойынша сотта шешілуге жатады.
48. Сақтандыру шартында белгіленген барлық сомалар сақтандыру шартының (полистің) талаптарына және сақтандыру ережелеріне сәйкес теңгемен төлеуге/төлемге жатады.
49. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу нәтижесінде сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, сақтандыру ережелеріне тиісті өзгерістер енгізілмей, бұл ережелер автоматты түрде күшін жояды. Сақтандыру ережелерінің бір ережесі жарамсыз болса, бұл сақтандыру ережелерінің қалған ережелеріне әсер етпейді. Жарамсыз ереже тиісті қатынастарды реттейтін заңмен рұқсат етілген ережемен ауыстырылады.
50. Тараптардың келісімі бойынша электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы сақтандыру шартын электрондық нысанда жасауға жол беріледі.
51. Өтініш берушінің ниеті бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап алдын ала электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар нысанында сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттармен бірге электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысанда сақтандыру төлемін талап ету өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша сақтандырушыға қажетті құжаттарды ұсынудан босатпайды. Бұл ретте сақтандыру төлемі сақтандырушыға қажетті құжаттардың түпнұсқалары ұсынылғаннан кейін сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.
52. Сақтанушы мен сақтандырушының арасындағы келісім бойынша сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелерін, сондай-ақ сақтандыру шартын жасау кезінде айқындалатын және шарт немесе полис нысанында көрсетілетін қосымша талаптарды өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
53. Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді. Сақтандыру ережелерінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру ережелерінің орыс тіліндегі мәтініне басымдылық беріледі.

